8D02303 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қордабай Бақыт Құрақбайқызының «Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қордабай Бақыт Құрақбайқызының «Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидалары» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған: 1. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы; 2. «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына; 3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының тұжырымдамасына.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.
		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қордабай Бақыт Құрақбайқызының «Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидалары» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 8D02303 – «Лингвистика» білім беру бағдарламасы аясында орындалған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» секілді мамандандырылған ғылыми бағыттармен өзара сәйкеседі.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Дайындалған диссертациялық жұмыс ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларын ғылыми теориялық және тәжірибиелік практикалық сипатын зерттеуге бағытталған. Нақтылап айтқанда: 1. Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері гуманитарлық ғылымдар тоғысы мен пәнаралық талдаулар (философия-лингвистика-мәдениеттану) негізінде зерттеу нысаны ретінде алынып теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылған. 2. Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың әлемдік және отандық тәжірибиелері сараланып, ассоциативті сөздіктердің қолданбалы маңызы ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан зерделенген. 3. Ұлттық ассоциативті сөздік құрастыру арқылы қазақ этносының тілдік санасын, яғни қазақ лингвомәдени қауымының ойлау жүйесін, ұлттық дүниенің әмбебап және этникалық ерекшеліктерін, танымдық белсенділігін, дүниетанымдық сипаттарын, негізгі және мәдени құндылықтары ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылған. 4) Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалықтары ретінде ұлттық ассоциативті сөздік құрастыру қазақ қоғамының түрлі шындықтарын және қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін бейнелейтін стимул сөздер мен айрықша реакцияларды көрсетуге **елеулі үлес қосады.** Сонымен диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелері мен анықталған ғылыми қорытындылары «Психолингвистика», «Когнитивтік лингвистика», «Мәдени лингвистика», «Прагмалингвистика», «Этнолингвистика», т.б. секілді тоғыспалы ғылым салаларының жекелеген мәселелерінің дамуына ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан **маңызды** жоғары деп

			санаймыз.
3.	Өзі жазу принципі.	Өзі жазу деңгейі: 1) **<u>жоғары</u>;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторанттың жұмысты өзі жазу **деңгейі жоғары**, тақырыпты толық игерген, ғылыми стилді меңгерген, ғылыми аппараты жетілген, өзіндік сыни пікірі қалыптасқан, ғылыми тілі орныққан. Докторанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың негізінде ұлттық құндылықтарды білдіретін стимул ретіндегі тілдік бірліктер ассоциативті эксперимент және сұхбат нәтижелері негізінде анықталып, стимул сөздердің теориялық негіздерімен қатар ұлттық мәдени маңыздылық және ассоциативті әлеуеті көрсетіліп, этникалық құндылықтар белгілі бір этностың тарихи тәжірибиесі мен әлеуметтік ерекшеліктері мен этномәдени құндылықтары этностың мәдени кодын, символдарын, дәстүрлі білім жүйесін тиімді әдіс-тәсілдер негізінде дұрыс талдай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі.	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **<u>негізделген</u>;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілік негіздемесі ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидалары негізінде құндылық түрлерінің салыстырмалы (жалпыадамзаттық, мәдени, ұлттық, этникалық, этномәдени, этикалық, материалдық) сипаттамасы жасалып (29-30 бб.), құндылық ұғымы тек аксиологиялық немесе философиялық категория ретінде емес, тіл біліміндегі ұлттық дүниетанымның тілдік репрезентациясы ретінде қарастыру арқылы, стимул сөздер мен реакциялардың тілдік репрезентациясынан ұлттық дүниетаным, көне мәдени лексика, этнографизмдер, символдық атаулар, дәстүрлі мәдени код және тілдік жад мәселелері жан-жақты қарастырылып, ұлттық құндылықтарды ассоциативті өріс арқылы сипаттаудың үлгілерін эксперименттік тәжірибиелер мен практикалық мысалдар арқылы талдаулар жүргізеді. Зерттеу жұмысында ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларына қатысты теориялық мәселелер мен практикалық талдау үлгілері жұмыстың өн бойында әр түрлі зерттеулер арқылы ғылыми тұрғыдан толықтай **негізделген**.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **<u>айқындайды</u>;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұны тақырыптық атауымен өзара үндеседі және жұмыстың мазмұны мен зерттеудің тақырыбы бірін бірі **толықтай айқындайды**. Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты зерттеу жұмысы үш тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда ассоциативті сөздіктерді зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ғылыми теориялық тұрғыдан қарастырылған. Диссертацияның екінші тарауында ассоциативті сөздіктердің лингвистикалық зерттеулердегі рөлі мен

			қолданылу тәсілдері, ассоциативті сөздіктерді әзірлеудегі әлемдік және отандық үлгілері, ассоциативті сөздіктердің қолданбалы маңызы көрсетіліп, практикалық талдаулар арқылы айқындалған. Ал жұмыстың үшінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес түзілген. Үшінші тарауда ассоциативті деректер негізінде ұлттық ассоциативті сөздіктерді моделдеудің құрылымы мен аксологиялық доминанттары, ассоциацияның ұлттық ерекшеліктері лингвистикалық талдаулар негізінде көрсетілген. Сонымен қорытындылай келгенде, диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **<u>сәйкес келеді</u>;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына толығымен **сәйкес келеді**. Атап айтқанда: диссертант ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың негізінде қазақ этносына тән ұлттық құндылықтар жүйесі туралы ақпарат беретін ассоциациялық өрісті анықтауға арналған кез келген лексеманы онлайн сайттар мен платформалар негізінде іздеу арқылы стимулдан реакцияға дейінгі ерекшеліктері мен SWOW жобасы арқылы жиналған деректер желілік талдау әдістері арқылы өңделіп, сөздер арасындағы байланыстар визуализациясы лексикон құрылымының адам жадындағы көрінісі нақты компьютерлік технологиялардың талдауларымен (48-54 бб.) дәйектелуі диссертацияның зерттеу тақырыбымен өзара үндеседі. Зерттеу мақсатына сәйкес қазақ тіліндегі ұлттық асоциативті сөздіктердің сандық және сапалық жағынан даму қажеттілігі көрсетіліп, ұлттық санадағы ассоциативті байланыстарды құрудағы экстралингвистикалық факторлардың әсері көрсетілген. Докторанттың зерттеу мақсатына сәйкес жасалған әрбір міндеттері (8-9 бб.) жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, тілдік талдауларынан айқын көрінеді. Диссертанттың алға қойған міндеттері диссертацияда өз шешімін тапқан және мақсатына сәйкес орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **<u>толық байланысқан</u>;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара **толық байланысқан**. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Докторанттың зерттеу жұмысындағы бөлімдер аралығындағы логикалық-мазмұндық байланыс сақталған, зерттеу логикалық байланысқа құрылған. Сондай-ақ жалпы жасалған теориялық тұжырымдары, тараушалар бойынша жасаған қорытындылары, әрбір практикалық және

			эксперменталды талдаулары да бөлімдер мен ережелері өзара толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **<u>сыни талдау бар</u>;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидаттар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан **сыни талданған**, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған. Автор ұсынған жаңа шешімдер: 1. Ұлттық ассоциативті сөздік құрастыру барысындағы ассоциация метрикасы көрсетіліп, кілт сөз өрісіне қажетті бірліктерді енгізу арқылы сөздік түзудің бірнеше (Корпус материалдарына негізделуі, Контекстуалдық жиілік өлшемдері, Автоматтандырылған есептеу, Ауқымдылығы мен қамтылуы, Интерактивті веб-интерфейс) принциптері ұсынылған (67-68 бб.); 2. Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудағы эксперименталды ерекшелігіне стимул сөздер алынып, олар екі форматта ұсынылып, тек нысанның жазбаша атауы – лексикалық стимулдар ғана емес, сондай-ақ сол жазбаша атаумен қатар қара-ақ сурет түріндегі визуалды стимулдардың түрлері ұсынылады. Бұл тәсіл арқылы визуалды ақпараттың сөздік ассоциацияларға қалай әсер ететіні зерттелген (72-73 бб.). 3. Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудағы мәліметтер базасы әрбір стимул сөзге қатысты ұсынылған ассоциативті жауаптарды, олардың грамматикалық және семантикалық сипаттамаларын қамтитындығы көрсетіліп, деректердің мынадай (*1. Стимул сөздерге қатысты ақпарат келесідей, 2. Ассоциативті жауаптарға қатысты ақпарат, 3. Қатысушыға қатысты сипаттамалар*) негізгі құрылымдық компоненттері сипатталады (73-74 бб.); 4. Зерттеу барысында ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудағы ұлттық тілдік сананың этномәдени ерекшеліктерін, билингвалды және көпэтносты ортадағы тілдік ассоциациялардың құрылымын зерттей келе, ассоциативті ядро құрамындағы базалық этникалық құндылықтар, мәдени сценарийлер және ұлттық концептілердің тұрақтылығы анықталған. Отандық сөздік әзірлеу тәжірибесінің маңызды бөлігі ретінде, ассоциативті сөздіктерді тек жалпы лексика емес, ұлттық құндылықтар, сакралды лексика, туыстық атаулар, салт-дәстүрге қатысты ұғымдар негізінде модельдеуге болатындығы көрсетілген (83 б.); 5. Автор зерттеу жұмысында ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудағы «тілдік сана» ұғымы күрделі әрі көп қырлы: «әлем бейнесі», «этномәдени

			сананың проекциясы», «когнитивті-эмоционалды және аксиологиялық құрылымдар», «вербалды-семантикалық құрылым» т.б. тәрізді анықталатын «тілдік сананың» нақты ұлт, халықтың танымдық кеңістігін бейнелеудің ассоциативті-семантикалық формасы деп ассоциативті сөздік тұрғысынан қарастырудың ғылыми мәні жоғары екендігін көрсетеді (87 б.).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі.	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **<u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертанттың зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелері мен ережелері ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудағы ассоциативтік реакциялар ұсынылған стимулдың семасын, оның синонимдік, антонимдік, паронимдік және омонимдік қатынастарын, семантикалық үйлесімділігін, коннатациялық реңктерін, халықтың ауызша/жазбаша әдеби қорында кездесетін бейнелі сөз орамдары мен тұрақты сөз тіркестері, прецеденттік мәтіндердің құрамында болу заңдылығы мен ретін көрсетудегі зерттеу жұмысы лингвокогнитивтік, психолингвистикалық бағытта кешенді түрде орындалып отырғандықтан, **толығымен жаңа** болып саналады. Осы ойымызды нақтылай түссек: 1. Ассоциативті сөздік құрастырудың бастапқы тәжірибелеріндегі медициналық мақсатта эксперименттер жүргізіп, қосымша құрал ретінде пайдалануға болатындығы туралы зерттеу нәтижелері ғылыми тұжырдары жаңа (88 б.); 2. Ассоциативті сөздіктердегі стимулдарға берілген реакциялардың табиғаты, құрамы, эмоционалдық бояуы, жиілік көрсеткіштері, стимулдың мағынасы мен формасына қарай психодиагностика саласында түстер мен эмоциялардың вербалдық символикасы, яғни тіл иесінің тілдік санасында әр түске қандай символдық мән берілетінін анықтауға болатындығы туралы дәйектеулері мен талдау жұмыстары жаңа (89 б.); 3. Ассоциативтік сөздіктердің материалдары жарнама бизнесінде, спичмейкерлер жұмысында, сөздің бұқаралық санаға әсерімен кәсіби түрде айналысатын салаларда пайдалануға болатындығы туралы практикалық маңызына қатысты зерттеулері мен адамның санасында сөздің немен көбірек байланысты екендігі туралы тұжырымдары, жарнамалық мәтін арқылы орындалатын коммуникативті мәтіннің халыққа әсер етуінің тиімділігін бағалауға болатындығы туралы ғылыми қолданбалы мәндегі сипаттамалары жаңа; 4. Ұлттық ассоциативтік сөздіктердің мәдени ерекшеліктері мен

			этносаралық, мәдениетаралық коммуникацияны, қарым-қатынасты жеңілдетудегі қызметі мен белгілі бір ғылым саласы қызметкерлерінің кәсіби лингвопсихологиялық портретін жасауда, мәтінді лингвистика-криминалистикалық талдау кезіндегі ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлау, іскерлік беделді төмендету туралы шағымдар бойынша лингвистикалық сараптамалардағы маңызды қызметін көрсетуі жаңа саналады (92 б.); 5. Ассоциативті эксперименттің негізінде қарапайым стимул сөздерді жинау, оларға берілген реакциялардың жиілігін шығарып, санын есептеуде квантитативті талдау жүргізілсе, сондай-ақ олардың семантикалық, коннотациялық, аксиологиялық, когнитивтік, прагматикалық, этнолингвистикалық т.б. ерекшеліктерін анықтау квалитативтік талдау арқылы жүзеге асатындығы мен тіл иесінің тілдік санасының лексикографиялық еңбек түріндегі жалпы көрінісі – ассоциативті сөздік болып жарыққа шығып, интро, экстралингвистиканың теориялық және практикалық мәселелерін шеше алатын маңызды жұмыс санатына енетіндігіне қатысты ғылыми тұжырымдары жаңа (94-96 бб.). Сонымен докторанттың зерттеу жұмысындағы нәтижелері мен жасаған ұсыныстары **толығымен жаңа**, маңызды, лингвокогнитология мен психолингвистика саласындағы мәселелерді шешуге өзіндік ықпал етеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары **толығымен жаңа**. Ондағы қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей: Біріншіден, ұлттық ассоциативтік сөздіктер арқылы этностың менталды лексиконын, оның құрамы мен аксиологиялық сипатын көрсетуге негізделген теориялық және практикалық зерттеулері жаңа; Екіншіден, ұлттық ассоциативтік сөздіктерде ұлттың тілдік санасының құрылымын, мәдени құндылықтары мен дүниетаным ерекшеліктерін жан-жақты сипаттауға, сондай-ақ қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі сөйлеу әрекетінің өзгешеліктерін көрсетуге қатысты қорытындылары жаңа; Үшіншіден, ұлттық ассоциативтік сөздіктерді зерттеудегі эмпирикалық зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз ететін, деректерді квантитативті және квалитативті талдауларының нәтижесі жаңа;

			Төртіншіден, ассоциативті өрістерді талдау олардың ядросындағы мәдени маңызды ұғымдарды, ұжымдық сана мен түсінігі және ұлттық тілдік сананың аксиологиялық доминанттарын көрсететін тұрақты, жиілігі жоғары ассоциациялар қалыптастыратынын көрсетуге қатысты ғылыми тұжырымдарын жаңашыл зерттеудің үлгісі деп санаймыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **<u>толығымен жаңа</u>;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық зерттеудің мақсатына жету үшін қолданған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Докторанттың ұлттық ассоциативтік сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларына негізделген ғылыми теориялық және практикалық зерттеулері техникалық және технологиялық тұрғыдан жабдықталған, заманауи зерттеу технологияларына негізделген. Докторант ұлттық ассоциативтік сөздік құрастырудағы ассоциативті реакциялардың полилингвалды және транслингвалды сипатын анықтап, ассоциативті реакцияларды лингвистикалық, аксиологиялық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып, ұлттық ассоциативті лексикографияның жаңартылған қағидаларын саралауға қатысты басқару шешімдері **толығымен жаңа**.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі.	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative research (куолотатив ресеч) және өнертану және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған барлық негізгі пайымдаулары, ғылыми тұжырымдары, зерттеу қорытындылары ғылыми әлеуетімен ерекшеленеді. Зерттеу қорытындыларының нәтижесінде қазақ тіліндегі ұлттық құндылықтарды танытатын 64 стимул сөзден және 22 307 ассоциативті реакциядан тұратын авторлық ұлттық ассоциативті сөздік алғаш рет жүйелі түрде жинақталып, ғылыми айналымға енгізілген. Сондай-ақ ұлттық ассоциативтік сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларының теориялық тұжырымдары ғылыми бағытына сай әдебиеттердің талдануы негізінде жасалған. Докторанттың зерттеу жұмысындағы ассоциативті сөздік ұлттық бірегейлік пен ұлттық құндылықтарды анықтаудың тиімді құралы деген тұжырымдамалары мен ассоциативті өрістерді талдау арқылы олардың ядросындағы мәдени маңызды ұғымдарды, ұжымдық санасы мен түсінігі және ұлттық тілдік сананың аксиологиялық доминанттарын көрсететін тұрақты, жиілігі жоғары ассоциациялар кеңістігін тануға **негізделген.**
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер.	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме?	1. Қорғауға ұсынылған ұлттық ассоциативті сөз құрастырудың қағидаттары дәлелденген. Себебі докторант ассоциативті стимул сөздердің ғылыми теориялық және практикалық мәселелерін нақты дереккөздерден

		1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ.** 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең;** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	алған, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдалана білген; 2. Докторанттың қорғауға ұсынған қағидаттары тривиалды емес. Өйткені зерттеу жұмысы бірнеше ғылымдар тоғысындағы жаңаша зерттеу бағыты негізінде таңдалған. 3. Ұлттық ассоциативтік сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларына қатысты психолингвистикалық, лингвокогнитологиялық, лексикографиялық зерттеулер жүргізуінің нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, жиілік және статистикалық репрезентативтілік қағидасы, стимул сөздерді таңдаудағы шектеулілік қағидасы, мәдени релеванттылық және этнолингвистикалық фрейм қағидасы, стандарттылық, реттілік қағидасы, сауаттылық қағидасы, социолингвистикалық параметрлер бойынша стратификация қағидасы ассоциативті сөздікті құрастыруға қатысты талаптарға сәйкес әзірлеу үшін, ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған ассоциациялар көрсетудегі ізденістері жаңа. 4. Ұлттық ассоциативтік сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларына негізделген зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі кең, себебі психолингвистика, лингвокогнитология салалары қоғамның барлық құбылыстарын қамтитын, тілдің үлкен бір құрамдас бөлігі саналады. 5. Зерттеу тақырыбына қатысты жарияланған 12 ғылыми мақалада ұсынылған қағидаттары мамандар пікірлері мен тілдік деректері негізінде дәлелденген, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау жұмысы сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың мазмұнында нақты сипатталған. Тақырыпқа қатысты басшылыққа алынған дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде тиімді қолданылған. Зерттеу жұмысының

	дәйектілігі.		әдістемесі тақырып пен жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай таңдалған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген сұқбат (интервью) тәсілі, еркін ассоциативті эксперимент әдісі, сипаттау және жүйелеу әдісі, квантитивті және квалитативті талдау әдістері, лексика-семантикалық талдау әдісі, морфологиялық талдау әдістерін кеңінен ұтымды қолдана білген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: 11 сурет, 17 кесте, 11 диаграммадан тұратын арнайы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы суреттер мен кестелер, диаграммалар жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ.	Докторант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен **толық дәлелденген және расталған**: - Ассоциативті сөздіктер негізінде тілді зерттеуші мен үйренушінің лингвистикалық құзыреттілігін арттырып, сөздік қордың дамуына ықпал етіп, грамматикалық мағына мен формаларды және сөздер арасындағы синтаксистік байланыстарды түсінуге, стимул-лексеманың эмоционалды-экспрессивті коннотацияларын анықтауға, зерттеліп отырған тілдің лингвистикалық негіздерін тереңірек түсінуге ықпал етіп, тілдерді оқыту процесін жеңілдететіндігі көрсетілген; - Сөздің ассоциативті өрісіндегі стимул сөзге берілген ассоциациялардың жиынтығынан стимул ретінде зерттелетін өрістің негізгі, кілт сөздері анықталып, ғылыми теориялық және практикалық талдаулар жасалып, әралуан эксперименттік зерттеу үлгілері берілген; - Ұлттық ассоциативті сөздіктердің құрамына енетін бірліктерге жүргізілген ассоциативті экспериментті квалитативтік/квантитативтік талдау, соның негізінде сөздік құрастыру барысында реакциялардың табиғатына тілдік бірліктермен қатар антропоним, астрономиялық атаулар, терминдер мен сленгтер кездесетіндігі анықталып көрсетілген;

			- Ұлттық ассоциативті сөздікке енетін сөздердің эксперимент нәтижелері алынған соң стимул сөздерге сәйкес келмейтін жазбалар алынып, емле, стильдік қателер түзетіліп, тілдің ішкі мүмкіндіктерін көрсету үшін барлық «өзгеше», «қайталанбайтын» ассоциативті интерпретациялардан алынған статистикалық нәтижелері «Microsoft Excel» бағдарламасымен өңделген; - Ассоциативті өрістің негізгі бөлшектері иерархиялық, парадигматикалық және синтагматикалық корреляцияланған ассоциациялары ядро және периферядан тұрып, ассоциативті өрістің ядросы жоғары жиіліктегі ассоциациялар тізбеегінен тұратындығы көрсетілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста көптеген осы зерттеуге дейін аралықта жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, дәлелді сілтемелер жасалған және ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларына негізделген зерттеу материалдары сенімді сілтемелермен **расталған**.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер саны **жеткілікті**. Ондағы нақты сілтемелер арқылы дәйектелген ғылыми әдебиеттер саны – 157. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты таңдалған, барлық әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан, сілтемелері берілген. Пайдаланылған әдебиеттер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу талаптарына сәйкес сілтемелер жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі.	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар негізінде ұлттық ассоциативті сөздіктің лингвистикалық базасы болған реакциялардың ассоциативті өрісін анықтаудың негізгі өлшемшарттарының (Жиілік өлшемшарты, Семантикалық жақындық өлшемшарты, Мәдени релеванттылық өлшемшарты, Құрылымдық өлшемшарт) жіктемесін жасап, оларға қосымша реакциялардың вариативтілігі мен тұрақтылығы көрсетіліп, ассоциативті байланыстардың типтік және жеке ерекшеліктері айқындалып, ассоциативті өрістің құрылымын кешенді түрде сипаттауға негізделген теориялық мәселелері тіл біліміндегі психолингвистика, лексикография теориясы мен практикасы, когнитивтік лингвистика салаларындағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Сондай-ақ салааралық мәдени лингвистика, прагмалингвистика, социолингвистика, этнолингвистика ілімдерінің теориялық негіздемелерін дамытуға ықпал етеді. Зерттеу жұмысындағы

			ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларына қатысты зерттеулері лексикография ғылымының дамуына негіз болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулары «Психолингвистика», «Лексикография теориясы», «Когнитивтік лингвистика», «Лингвомәдениеттану» салаларының теориясына және сөздік құрастыру ісі мен лұғаттық жұмыстарға қолданбалы сипаты жағынан өзіндік үлес қосады. Зерттеу материалдарының практикалық маңызы ұлттық ассоциативті сөздік құрастыру арқылы қазақ этносының тілдік санасын, яғни қазақ лингвомәдени қауымының ойлау жүйесін, ұлттық дүниенің әмбебап және этникалық ерекшеліктерін, танымдық белсенділігін, дүниетанымдық сипаттарын, негізгі және мәдени құндылықтарын терең зерттеуге «Қазақ тілінің ұлттық ассоциативті сөздігі» лексикалық қоры жасауға өзіндік ықпал етеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Докторанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Ассоциативті сөздіктің минималды құрылымдық моделін қамтитын компоненттерін (стимул сөз, реакциялар жиынтығы, реакциялардың жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері, ассоциативті өрістің ядролық және перифериялық құрылымы) анықтауға және тілдік санадағы семантикалық байланыстарды сипаттауға практикалық тұрғыдан мүмкіндік береді. Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларын негіздеуде ассоциативті сөздік лингводидактикада қазақ тілін зерттеушілер мен қазақ тілін үйренушілердің тілдік құзыретін арттыруға арналған тиімді құрал ретінде ұсынылады. Ол лексикалық қабаттағы сөздік қорды байытуға, грамматикалық мағына мен формаларды, сөздер арасындағы синтаксистік байланыстарды түсінуге, стимул-лексеманың эмоциялық-экспрессивтік реңктерін айқындауға, зерттеліп отырған тілдің лингвистикалық негіздерін тереңірек ұғынуға ықпал етіп, тіл меңгеру үдерісін жеңілдетуге қатысты ғылыми тұжырымдары мен практикалық ұсыныстары **толығымен жаңа** болып саналады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы.	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың зерттеу жұмысындағы академиялық жазу сапасы жоғары. Академиялық жазу сапасының ерекшеліктері нақтылық, объективтілік, қисындылық сипаты толық сақталған. Сондай-ақ жалпы қорытындылар мен практикалық ұсыныстары ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидаларын көрсетуге негізделген. Сонымен аталған жетістіктер дайындалған диссертацияның академиялық тұрғыдан жазылу

			сапасының **жоғары** екендігін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер.		Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер: 1. Диссертациялық зерттеу нысанындағы ұлттық ассоциатвті сөздіктің негізгі категориясы саналатын сөз-стимулдар мен сөз-реакциялардың сандық жиілігін көрсетіп қана қоймай, олардың семантикалық кеңістіктегі когнитивтік мазмұны мен модельдік үлгісін кең көлемде беру қажеттігі байқалады. 2. Диссертациялық зерттеу жұмысындағы ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудағы сөз-стимулдарды таңдау барысында «Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы» жиілік сөздіктерге сүйену арқылы, корпустық лингвистика технологияларымен өзара байланысу механизмдеріне назар аударса, жұмыс сапасы арта түсер еді деп санаймыз. Алайда бұл ескертпелер зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық маңызына нұсқан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны Scopus базасындағы басылымдарда – 1 (бір), ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда - 3 (үш), отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында – 7 (жеті), отандық ғылыми басылымдарда – 1 (бір) мақаласы жарияланып, диссертацияда көрініс тапқан. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған. Докторанттың мақалалары зерттеу жұмысының теориялық және практикалық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі және ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес).		Қордабай Бақыт Құрақбайқызының 8D02303 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере

			отырып, диссертациялық жұмысының өзектілігі жоғары, мақсат-міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы бар зерттеу жұмысы ретінде бағалай отырып, еңбектің авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

8D02303 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қордабай Бақыт Құрақбайқызының «Ұлттық ассоциативті сөздік құрастырудың лингвистикалық қағидалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒжЖБМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Қордабай Бақыт Құрақбайқызына 8D02303 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, Қазақ тілі теориясы және
оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

08.06.2026 ж.

РАСТАЙМЫН:
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ:
РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ

С.А.Жиренов